



ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУҒА  
АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАРДЫ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ  
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

Орындаған: Хабенов Ернұр  
қаржы1302

- Халықтың денсаулығын сақтау профилактикалық бағыттылығы—мемлекет пен жұмыс берушілердің әлеуметті-экономикалық шаралар жүйесін іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл жүйе азаматтар денсаулығына зиянды әсер ететін факторлар мен шарт-тарды жою және ауруға шалдығуды алдын ала сақтандыруға, өмірге және еңбекке қабілеттілікті жоғары деңгейде сүйемелдеуге бағытталады.



# Қаржыландыру көздері

- Мемлекеттік денсаулық сақтауды қаржыландыру көздері ретінде келесілер табылады:
- республикалық және жергілікті бюджеттер құралдары;
- халықаралық ұйымдар құралдары (денсаулық сақтау жөніндегі халықаралық бағдарламалар);
- нормативтер үстінде ақылы медициналық қызмет көрсету мен шаруашылық іс-әрекеттің басқа түрлері арқылы алынған медициналық мекемелердің құралдары;
- азаматтардың өздік-күралдары;
- заңды және жеке тұлғалардың, сонымен қатар басқа мем-лекеттердің ақысыз және игі қайырымдылық жарналары;
- заңнамалармен тыйым салынбаған басқа да көздер. Бюджеттік қаржыландыру жүйесімен қатар маңызды бір көз



- Республикалық бюджеттің денсаулық сақтауға арналған құралдарды жұмсау Бюджеттік кодексте келесі бағыттар бойынша анықталған:
  - жоғары мамандандырылған медициналық жәрдем көрсету;
  - республикалық деңгей бойынша табиғи және техногендік төтенше жағдайларды жою маңында жедел медициналық жәрдем қызметін ұйымдастыру;
  - республикалық мәндегі денсаулық сақтау мемлекеттік ұйымдардағы медициналық сауықтырып шығару;
  - психиатриялық аурулары бар және қатаң байқау талап ететін адамдарға медициналық жәрдем көрсету;
  - сотты-медициналық және сотты-психиатриялық сарап жүргізу;
  - ауруларды шетелдерде емдеуді ұйымдастыру;
  - айрықша қауіпті індеттерге қарсы іс-әрекет;
  - республикалық денсаулық сақтау ұйымдары үшін қан, оның құрамдас бөліктері мен препараттарын өндіру;
  - республикалық деңгей бойынша халықтың, мемлекеттік ше-кара мен көлікте санитарлы-эпидемиологиялық саулықты қамтамасыз ету;
  - әскери қызметкерлер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін , олардың жанұя мүшелерін, сондай-ақ әс-кери қызметкерлер , құқық қорғау органдары мен басқа да категория азаматтар құрамынан шыққын зейнеткер-лерге заңнамалық актілерге сәйкес медициналық қызмет көрсету;
  - жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын шығындар-дан басқа азаматтар денсаулық сақтау саласындағы іс-әрекет.

- Аймақтық бюджеттер шығындарында денсаулық сақтауға бөлінген құралдар келесі бағыттар бойы қарастырылған:
- республикалық бюджеттен қаржылындырылатын бағыт-тардан басқа медициналық жәрдем жасаудың кепілдеме-ленген көлемін қамтамасыз ету;
- халықтың санитарлы-эпидемиологиялық саулығын қамта-масыз ету;
- заңнамаларға сәйкестік вакциналар, иммунобиологиялық және басқа да медициналық препараттармен мүліктеу;
- жергілікті денсаулық сақтау ұйымдар үшін қан және оның құрамдас бөліктері мен препараттарын өндіру;
- республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бағыт-тардан басқа денсаулық сақтау аумағындағы басқа шара-лар.

# Жоспарлау

- Денсаулық сақтауға арналған шығындарды қаржыландыру жоспары ел мен аймақтардың әлеуметті-экономикалық даму жоспарлары негізінде қалыптастырылады. Денсаулық сақтауға арналған шығындарды жоспарлау есептемелерінің негізін құрай-тын оперативті-тізбекті көрсеткіштер ретінде келесілер пайдаланады:
  - орташа жылдық орындар саны;
  - жыл бойы бір кереуетті пайдалану күн саны;
  - барлық орын-күн саны;
  - дәрігерлік қызметтердің орташажылдық саны;
  - дәрігерлік қатысу саны.

• Денсаулық сақтауға арналған шығындардың жалпы көлемінің ішінде ең үлкен үлес салмақты емдік-профилактикалық мекемелерді ұстауға арналған шығындар алады. Мұндай шығындарға келесілер жатады:

- барлық ауруханалық мекемелер түрлері;
- амбулаториялы-емханалық мекемелер;
- ана мен баланы қорғау мекемелері;
- диспансерлер;
- айрықша типтегі денсаулық сақтау мекемелері;
- шипажайлық мекемелер. Емдік-профилактикалық мекемелер шығындарын жоспарлау

- Денсаулық сақтау мемлекеттік мекемелердегі мемлекеттік қызметкерлер емес жұмыскерлерге негізгі еңбекақы төлеуге арналған шығындар есептемелерін жасау үшін 04-111 форма толтырылады. Мұнда қызметтер атаулары мен категориялары бойынша жұмыскерлердің ай сайынғы жалақысының сомасы анықталады.
- Денсаулық сақтау мекемелерінде тамаққа арналған шығындарды есептеу үшін 02-131 форма пайдаланады. Мұнда бөлімдер атаулары, орташажылдық орын-күн саны, бір орын-күнге есептегендегі тамаққа арналған шығындардың нормасы, шығындардың жалпы сомасы көрсетіледі.
- Тұрақты (стационарлық) денсаулық сақтау мекемелерінде дәрі-дәрмектерге арналған шығындарды есептеу үшін 02-132 форма құрастырылады. Бұл құжатта бөлімдер атаулары, емделетін аурулардың жоспарлық саны, бір күнге шаққандағы бір ауруды



- Сонымен қатар, денсаулық сақтау мекемелерінде басқа да шығындар есептеу үшін тиісті формалар пайдаланады. Мысалы, 01-139 форма жиһаздар мен инвентарлар сатып алуға арналған шығындарды есептеу үшін толтырылады, 01-141 - ыстық және суық су, канализация мен газға қажетті шығындарды есептеуге, 01-144 — электроқуатты төлеуге қажетті шығындарды есептеуге, 01-145 - ғимараттарды жылумен қамтамасыз етуге қажетті шығындарды есептеуге, 01-146 - ғимараттар, құрал-жабдықтар мен басқа да негізгі құралдарды ұстауға, жөндеуге жұмсалатын шығындарды есептеуге қолданылады.



- Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 6 тамыздағы №875 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» Жарлығымен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі, оған: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің; Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып құрылды.
- Ведомстваның басшысы болып Дүйсенова Тамара Қасымқызы тағайындалды.

